



№30 (619)
31 шілде,
2025 жыл

БАСҚА ПӘЛЕ – ПРАНКТАН

«Кімге күлкі, кімге түрпі?» демекші, біреудің жүйкесін жүқартқан пранк өзгеге жай әзіл болса, ал басқасына миллион қаралым әкелетін табыс көзіне айналды.



YouTube, Tiktok пен Instagram-ды ашсаңыз көшеде бөтен адамға кенеттен жабыса кеткен, кафе ішіне жылан

тастаған немесе әлдекімді «жерлеуге» апара жатқандардың видеосы қаптап жүр. Мұның барлығы, әрине, әзіл ретінде ұсынылады. Бірақ тап осы әзілдің шегін шегелей алмай қалатынымызды мүлде ойламағанымыз рас.

Мейлі. «Күлгенде тұрған не әбестік бар?» делік. Мәселе де осында болып тұр. Әзілдеймін деп опық жегендердің бірі – ресейлік блогер Виталий Здровецкий. Пранкер қоғамдық тәртіпті бұзып, жергілікті халықты қорлаған бейнероликтер түсіргені үшін Филиппинде қамауға алынды. Бұған дейін де шудың ортасында жүрген пранкер бірнеше рет футбол алаңына жүгіріп шыққан, Гизадағы пирамидаға заңсыз көтерілген, адамдарды әдейі шошытқан. АҚШ-та да бірнеше рет тұтқындалған. Мұнан бөлек Нью-Йорк полициясы пранкер

Кайл Вазкесті тәртіп бұзудың 8 пункті бойынша қамауға алды. Ол қоғамдық орындарға, өзіне, тіпті өзгелерге тамақ шашқан. Ал енді Малайзиядағы «әзілге» тоқталсақ, 23-26 жастағы 3 ер азамат жалған тапанша арқылы желі жұлдызына айналды. Десе де қуанышы ұзаққа созылмай, заң алдында жауап берді. Олардың айтуынша, тек әзіл үшін қолданған-мыс. Жалған тапанша тұрмақ, өзін полиция қызметкері ретінде таныстырған пранкерлер де Малайзиядан шықты. Мұндайда жалған мәлімдеме жасағаны үшін жауапкершілік қарастырылады.

5

...Ауылдық клубтағы жиналыс. Ортада ауыл әкімі есеп беріп тұр. Залдың артқы қатарында 20-дан енді асқан бір топ жас отыр. Олар бір-біріне қарап тосылып қалғандай, пікір айтпақ түгіл, сұрақ қоюға да именеді. Неге? Өйткені ол өзінің шешім қабылдай алатын мүмкіндігін пайдаланбайды, достарымен бас қосқанда арман-мақсат, мүдделер жолында ой қозғамайды, олар үшін өмірде болатын сәтсіздіктерге тек билік пен қоғам кінәлі.

АУЫЛ ЖАСТАРЫН ТАСАДА ҚАЛДЫРЫП БАРАМЫЗ

НЕМЕСЕ «ҮНСІЗ ҰРПАҚ» СИНДРОМЫНЫҢ ЕМІ НЕ?



Сурет шығарушының аты

Барлық жасқа қатысты дүние емес, әрине. Негізсіз ауыл жастарының абыройын түсіру ойда жоқ, тек зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, ауылдағы замандастың үнсіздігі олардың белсенділігіне шек келтіріп тұр...

Қазіргі қазақ қоғамында ауыл жастарының қоғамдық белсенділігі қаладағы замандастарына қарағанда әлдеқайда төмен екені жиі айтылып жүр. Ел халқының 57,8%-ы қалада, 42,2%-ы ауылда тұрса, жастардың да 43%-ы ауылда өмір сүреді. Мысалы, Қазақстан бойынша 14-29 жас аралығындағы 3,7 миллион жастың 1,6 миллионы ауылдық жерлерде тұрады. Бұл аз үлес емес. Ал осыншама жастың көбі неге қоғамдық өмірде көрінбей, тып-тыныш қалып қойды? Ауылдан шыққан алғыр да өршіл жастар көп екеніне күмән жоқ, бірақ неге олардың көбінің үні естілмейді?

3-бетте

ӘСКЕРДЕН ҚАШПАС БҰРЫН ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛҢІЗ!

Әлемжеліде әскердегі әлімжеттікке қатысты адам шошырлық деректер жиі белең алады. Тәжірибелі жауынгерлер өздері сияқты Отан алдындағы қасиетті парызын өтеуге келген бозбалаларға тізе батырып, күш көрсетуге үйір болып жатса, тіпті басшылары да әлімжеттік көрсетті деген дерек бар. Жақында ғана Елордада Отан қорғаушылар күні әскерден табыты оралған сарбаздардың ата-аналары митингке шыққан болатын. Расымен, ашынған ата-аналардың көтерілісі орынды. Өріден тартпай, Елордадан бастайық. 2023 жылы 9 қазанда Астанада мерзімді сарбаз Марат Барқұлов лейтенанттың оғынан қаза болған.

Жамбыл облысы Отар ауылындағы әскери бөлімде мерзімді қызметін атқаруға барғанына 23 күн болғанда Нұржігіт Әбділпатта кіші сержанттың сокқысынан комаға түскен.



Сурет шығарушының аты

Алматы қаласындағы 61993 әскери бөлімінің қысымына шыдамаған сарбаз Темірғали Данияр екі айдан кейін жындыханаға түсті. Ақтөбе гарнизонындағы сержант мерзімді әскери қызметшілерді ұрып-соғып, оларды темекі тұқылын жеуге мәжбүрлеген деген дерек те анықталды. Елді елең еткізген тағы бір оқиға бар. Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінде Ұлттық ұланның сарбазы Ербаян Мұхтар бас сүйек-ми жаракатын алып, жансақтау бөліміне түскен. Мұндай оқиғалардан кейін ата-ана

баласын әскерге жібермеуге әлек болса, ал баланың көңілі далада болмай тұр. Олардың бірі білімге бас ұрып, бірнеше оқуға түссе, бірі әскери кафедрамен билет алуды ойлайды. Яки әскерге бармаудың амалы. Ал шын ниетпен барғысы келгендердің өзі – табытпен оралған құрдастарын көріп, қорғансыз ойға шомады. Осылайша, халық арасында әскери борышты өтеуге қатысты көптеген миф таралуда. Бәрін айтпасақ та, бірін тарқатайық.

4-бетте

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ ТІРЕГІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Осыған орай, еліміздің барлық өңірінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау, еңбек адамын қолдау және жұмысшы кәсібінің мәртебесін арттыру бағытында ауқымды шаралар қолға алынды.

Сыр өңірінде де «Жұмысшы мамандықтар жылын» мазмұнды әрі жүйелі өткізу мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен арнайы іс-шаралар жоспа-

ры бекітіліп, түрлі жобалар жүзеге асырылуда.

Қызылордада «Жұмысшы жас мамандар слеті» өтіп, еліміздің әр аумағындағы жұмысшы жастар бас қосты. Ауқымды жиынға еліміздің бірнеше өңірінен, сондай-ақ аудандар мен қалалардан 100-ден астам жұмысшы жас маман арнайы қатысты.

2-бетте



КӨЛІК ЕМЕС,
ҚАУІПСІЗДІК
ТІЗГІНІНДЕГІ
МАМАН

2



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРДЫ
ДАЯРЛАУДЫҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ЖОҒАРЫ

7



17 ЖАСТАҒЫ
АТБЕГІ АРУ

8

Басы 1-бетте

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ ТІРЕГІ



Пленарлық отырыс барысында сала мамандары еңбек нарығы, жұмысшы мамандықтардың болашағы мен жастарға кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстары жайында мазмұнды ой-пікірлерін ортаға салды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес өңірдегі еңбек нарығында 334,8 мың адам жұмыспен қамтылған. Оның 52,2%-ы – жұмысшы мамандықтар.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов сөз сөйлеп, өңірде «Жұмысшы мамандықтар жылында» атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Жастар – қоғамның қозғаушы күші» деген қағида бар. Мемлекет басшысының бұл бастамасын әсіресе, жастар қауымы ерекше ықыласпен қарсы алды. Республика көлемінде түрлі форматта шаралар ұйымдастырылып, жастарды қолдауға бағытталған игі бастамалар қолға алынуда. Қазір өңірде 28 колледж бар. Оның 19-да 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярланып, жалпы 20341 студенттің 4890-ы жұмысшы мамандығы бойынша білім алу-да. Осы жылы 2 колледж базасында тігін цехы ашылды.

Халықаралық байланысты дамытуда колледждер Түркия, Қырғызстан, Германия, Ресей, Латвия, Өзбекстан, Польша мемлекеттерінің 7 халықаралық, 98 республикалық және 56 аймақтық оқу орындарымен 161 ынтымақтастық меморандумына қол қойды. «Мансап компасы» платформасы арқылы 3000 оқушыға кәсіби бағдар берілді, 20 мың оқушыға кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, 40 мектеп базасында бейінді сыныптар ашылды.

Өңірімізде ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, өндіріс орындары ашылып, жаңа жұмыс орындары көптеп ашылуда, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Атап өту керек, аймақта 1500 оқушының қатысуымен «Jas Skills», «Junior Skills»

шеберлік конкурстары өткізілген. Колледждер базасында 3000 кәсіпорын мен бизнес өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі мен ашық есік күндері ұйымдастырылды. «Бизнес стартап» орталығы арқылы 150 студенттің кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру шаралары жүзеге



асырылған.

Сондай-ақ «Мамандығым – Болашағым» жобасы аясында мамандықтар «Атласы» әзірленген.

Қызылорда облысында жұмысшы мамандықтарын игерген жастарға «Жұмыспен қамту жол картасы» және «Даму» мемлекеттік бағдарламалары аясында түрлі гранттар ұсынылып, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері кеңейтілген.

Жиында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының Жастар ресурстық орталықтарын әдістемелік қамсыздандыру басқармасының басшысы Торғын Қайдарова жүргізілген зерттеу нәтижелерімен бөлісті.

– Жастардың жұмысқа орналасу мәселесі – жастардың өздері мемлекеттен шешім табуды талап ететін негізгі үш мәселенің қатарында. Бүгінде жастардың жұмыспен қамтылуы тек әлеуметтік мәселе емес, елдің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін мемлекеттік стратегиялық басым бағыттардың бірі.

Біз жастарды жұмыспен қамту саласында кәсіби түсінуді қажет ететін бірнеше тұрақты үрдістерді талдап көрдік.

Жастар жұмысқа орналасудың түрлі форматтарын қолдануда. Зерттеуге қатысқан, сауалнамдан өткен жастардың 42%-ы тұрақты жұмыс істегісі келеді, бірақ көбі икемді жұмыс, қашықтан жұмыс немесе фриланс сияқты еркін жұмыс түрлерін өздері үшін ыңғайлы деп санайды. Бұл олардың жұмыс пен жеке өмір арасында тепе-теңдік іздейтінін көрсетеді. 14,5%-ы әлі жұмыс түрін таңдамаған, бұл оларға мамандық таңдауда көмек қажет екенін білдіреді.

«Жұмысшы мамандықтар жылында» біз осы салаға ерекше назар аудардық. Респонденттердің 44%-ға жуығы жұмысшы мамандықтар өз сұранысын сақтайды деп есептейді, ал 19%-ы олардың маңыздылығы артады деп күтуде. Яғни автоматтандыру трендтеріне қарамастан, қолданбалы ең-

бектеулерді дұрыс бағалай-тынын, сонымен қатар дамуға, икемділікке және өзін-өзі көрсетуге ұмтылатынын атап өтті.

Слет жұмысы барысында жастар «Қызылорда облысының жұмысшы жас мамандарының ассоциациясын» құру бастамасын көтерді. Бұл бастама өзге өңірлерден келген қатысушыларды да қанаттандырып, зор қолдауға ие болды.

Жиын соңында еліміздің және аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан жастар аймақ басшысының алғыс хатымен марапатталды.

Шара барысында жігерлі әрі еңбеккер жастардың көп екені қуантты. Мақсаты айқын сала мамандарының іскер әрі жауапкершілігі мол екені байқалды.

Мұнан кейін слетке қатысушылар өңірдегі өндіріс орындарын аралап, оқу орындарының заманауи материалдық-техникалық базасымен танысты.

Жастар «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытына, Бесарық ауылындағы өндірістік нысандарға, «Qaysar Arena» стадионы мен Оқушылар сарайына, сондай-ақ Теннис орталығы, облыстық тарихи-өлкетану музейі, музыкалық колледж, «Анаға тағзым», «Өнер» және «Отбасы» орталықтарына барды.

Сонымен қатар С.Ықсанов атындағы құрылыс және бизнес, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық колледждерінің оқу-өндірістік мүмкіндіктері мен жабдықталу деңгейін көріп, ондағы білім беру үрдісімен танысты.

Ал келесі күні слет қатысушылары Байқоңыр қаласына арнайы сапармен барып, әлемге әйгілі ғарыш айлағы мен тарихи музейлерді аралады.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНДА ТҰРАҚТЫ ӨСІМ БАР

Осы жылдың алғашқы жартыжылдығында аймағымызда кәсіпкерлік пен өнеркәсіп салаларында оң өсім қалыптасты. Өңдеу өнеркәсібі мен сауда көлемі артты, инвестиция тарту көрсеткіші жоғарылады. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің үлесі мен белсенділігі де елеулі түрде өскені байқалады. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дәурен Әбілқайыров мәлімдеді.



– Биылғы жылдың алғашқы алты айында өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласында айтарлықтай өсім бар. Шағын және орта кәсіпкерлік өнім көлемі артып, аймақ экономикасындағы үлесі 19%-ға жетті. Жалпы өңірде 65 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектісі

жұмыс істеп тұр. Онда еңбекке жарамды халықтың үштен біріне жуығы жұмыспен қамтылған. Бұл кәсіпкерлік саласының әлеуметтік маңызын да айқындайды. Сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі де артты.

Өз кезегінде бұл көрсеткіш облысымыздың инвестициялық тартымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Қазір өңір экономикасын әртарап-тандыру бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Ірі жобалар қатарында жаңа жылу электр орталығы, кірпіш зауыты, кондитерлік және макарон өнімдерін шығаратын кешен, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт, жолаушылар вагондарын жөндеу орталығы және қуаттылығы жоғары күн мен жел электр станциялары бар. Бұл жобалар іске қосылғанда жаңа жұмыс орындары ашылып, өндірістік әлеуетіміз арта түседі. Одан бөлек, «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы аясында бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Осы және өзге де бастамалар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретіні сөзсіз, – деді Дәурен Тұрғанбайұлы.

«АЖ» ақпарат

3 ТАМАЗ – КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕР КҮНІ

Адам көп елей бермейтін, бірақ қоғамның тыныс-тіршілігі дәл осы қызметке тәуелді болып тұрған бір мамандық бар. Ол – көлік жүргізушісі. Адамдармен, оның ішінде балалармен тікелей байланыста жұмыс істейтін осындай мамандардың еңбегі туралы көп айтыла бермейді. Ал сол қарапайым көрінетін жұмыстың артында үлкен жауапкершілік, төзімділік пен мейірім қатар жүретіні екінің біріне ғана аян.

КӨЛІК ЕМЕС, ҚАУІПСІЗДІК ТІЗГІНІНДЕГІ МАМАН



Бүгін біз сол елене бермейтін, бірақ аса қадірлі қызмет иесінің бірі, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының көлік жүргізушісі – Талғат Сарибасев жайлы айтпақпыз.

Әке орнына әке болған жан

Талғат балалар үйінде көлік жүргізушісі болып 2011 жылдан бері жұмыс істейді. 14 жыл ішінде бұл жер оған тек жұмыс орны ғана емес, өмір мектебіне айналды. Ал балалар үшін ол тек жүргізуші емес, жанашыр жан, қамқор аға, кейде әке орнына әке болды.

Ол алғаш рет балалар үйінің ауласына кіргенде көлік жүргізушісінің міндеті – балаларды белгілі бір жерге жеткізу деп ойлаған. Бірақ көп ұзамай, бұл жұмыстың жүгі темір рөлден де ауыр екенін сезінді. Себебі сенің көлігіне отырған әр баланың тағдыры бөлек, жан дүниесі жаралы, алайда үмітін үзбеген бүлдіршін. Оларды жай ғана дйттеген жерге жеткізіп қана қоймай, қауіпсіздікті, мейірімді, сабырды, қамқорлықты да бірге алып жүреді. Ал шын мәнінде мұндай сенімнің салмағы зор.

Талғат үшін көлік жүргізу – тек темірді тізгіндеу емес. Бұл – қауіптің алдын алу, адам өміріне жауапкершілікпен қарай білу. «Ұзақ жолда да, қысқа сапарда да сенім жүгі бірдей. Өсіресе бала отырса, әрбір бұрылыс пен тежегіш екі есе ойлануды талап етеді», дейді кейіпкер.

Шындығында балаларды тасуға арналған көліктің жүргізушісі болу – басқа саладағы жүргізушілермен салыстырғанда бірнеше есе қиын әрі екі есе жауапкершілікті талап етеді. Ал Талғат соны жүрекпен ұғынған жан.

«Бұл саладағы ең үлкен сабақ – әр баланың жанын естіп үйрену» дейді кейіпкеріміз. Сырымен бөліскен әрбір бүлдіршіннің оған деген сенімі он төрт жыл бойы атқарған еңбектің шынайы бағасы еді. Мұндай сәттерде Талғат тек қызметін атқарып қана қоймай, талай жаралы жүрекке жұбаныш бола алғанын сезінген. Айтуынша, үлкен өмірге қадам басқан тәрбиеленушілермен арасындағы жылулық пен шынайы байланыс бүгінге дейін сақталып келеді.

Кәсіпке шынайылықпен қарау – нағыз адамдық

Қоғамда әртүрлі мамандық бар. Бірі көпшілік алдында жарқырап көрінсе, бірі тасада жүріп, үнсіз еңбек етеді. Көлік жүргізушісі туралы көп айтылмайтыны рас. Бірақ дәл осы көрінбейтін еңбек иелерінің маңызы зор екенін естен шығармайық.


Талғат жастарға бір ғана кеңес береді: «Қай жұмысты атқарсаң да, оған шын көңілмен, махаббатпен кіріс. Сонда ол саған абырой болып қайтады». Бұл – көп сөйлемейтін, бірақ жасаған ісімен үлкен тәрбие беріп жүрген азаматтың сөзі.

3 тамыз – Көлік жүргізушілер күні қарсаңында дәл осындай жандардың еңбегіне бас иіп, алғыс айту парызымыз. Өйткені олар тек көлік басқарып қана қоймай, жолдағы жауапкершілікті мойнына алып, балаларға әкелі мейірім танытып, қоғамда көрінбейтін тіреу болып жүрген маман иелері.

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

АУЫЛ ЖАСТАРЫН ТАСАДА ҚАЛДЫРЫП БАРАМЫЗ НЕМЕСЕ «ҮНСІЗ ҰРПАҚ» СИНДРОМЫНЫҢ ЕМІ НЕ?



Ауыл мен қала жастарының белсенділігі бәстесе алмайды

Ауыл жастары мен қалалық жастардың өмір салты, мүмкіндіктері және мінез-құлық арасында айтарлықтай алшақтық бары байқалады. Сарапшылардың пікірінше, ауыл мен қала жастарының әлеуметтік деңгейі, құқықтық сауаты әртүрлі, тіпті сөйлейтін тілі де бөлектеніп барады. Қала жастары интернет пен заманауи ақпарат көздеріне оңай қол жеткізіп, түрлі бейресми ортада өзін көрсетуге бейім өседі. Мысалы, шаһарларда дебат клубтары, еріктілер ұйымдары, саяси қозғалыстар мен жастарға арналған форумдар бар. Ал көптеген ауылда жастар үшін мұндай орта жоқтың қасы.

Көптеген ауылдық елді мекенде мектеп бітірген соң жергілікті жастардың басым бөлігі не жұмысқа орналасады, не қалаға оқуға кетеді. Оқуға кеткендерінің көбі сол жақта тұрақтап қалады, ал ауылда қалған азшылық замандастар негізгі өмірін туған ауылында өткізеді. 2020 жылғы зерттеулерге сәйкес, ауыл жастарының басым бөлігі болашағын ауылмен байланыстырғысы келмейді екен. Оларды үлкен қаладағы білім мен жұмыс мүмкіндіктері қызықтырады. Бұған басты себеп қалада жоғары білім алу қолжетімді, жақсы жұмыс табу ықтималдығы жоғары, мәдени өмір де қызығырақ. Расында, аудан орталығынан шалғай жатқан бір шағын ауылдағы талантты жас үшін өз өнерін елге таныту, не қоғамдық іске араласу айтарлықтай қиын, бір жағы ақпаратты орта аз, енді бір тұсы мүмкіндік шектеулі.

Мәселен, Қызылорда облысында жалпы жастардың 58,5%-ы ауылды жерде тұрады. Бұл республика деңгейінен жоғары көрсеткіш, өйткені өңір халқының негізгі бөлігі ауыл-аймақта орын тепкен. Қызылорда өңірінде 14-29 жас аралығындағы 176,3 мың жас бар, ол халықтың 21,6%-ын құрайды, оның 103,1 мыңы – ауыл жастары. Облыстағы 7 ауданның әрқайсысында ауылдық жастардың үлесі басым. Мысалы, Қазалы ауданында 17 791 жастың 17 028-і (шамамен 96%-ы) ауылдарда тұрады, аудан орталығы Әйтеке би кентінде небәрі 763 жас қана қалған деген дерек бар. Ал Шиелі сияқты ауданда 25 мыңға жуық жастың 13,6 мыңы ауылдық елді мекендерде, 11,8 мыңы кентте шоғырланған екен. Яғни ауылдың өзінде де инфрақұрылымы дамыған орталық пен шалғай ауыл тұрғындарының арасында айырмашылық бар.

Қала жастары ақпарат пен мүмкіндікті оңайырақ иеленеді дедік. Бірақ мәселе тек интернеттің жылдамдығында немесе мекемелер санының көптігінде ғана емес. Ауылдық жердегі көп жас күнделікті күйбең тіршілік пен отбасылық міндеттерге ертерек араласып, қоғамдағы өзгерістерден шеттеу қалып жатады. Әлеуметтанушылар-

дың айтуынша, ауыл жастары әдетте ерте жастан үй шаруасына, ата-анаға қолғабыс етуге көп уақыт бөледі, бұл олардың өзге қоғамдық белсенділіктерге ұмтылуын тежейді екен. Мұны ауылдағы жасөспірімдердің психологиясынан да байқауға болады, ата-ана, үлкендер не айтса, соны орындауға бейімделу, өзіндік бастаманың бәрібір қолдау таппайтынына көну де осының бір дәлелі. Ал қалада мектеп кезінен қоғамдық жұмыстарға, спорт-мәдени үйірмелерге, еркін пікірталас алаңдарына қатысуға мүмкіндік мол, сондықтан қала жастарының көбінің өзіне сенімділігі, лидерлік қасиеттері ерте ашылады.

Әрине бүгінде ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтық біртіндеп қысқарып келеді. Интернет, әлеуметтік желі ауылдағы ағайынға да жетті. Алайда ақпаратқа қолжетімділік бар, дегенмен оны пайдалану деңгейі екі өңірде әртүрлі. Қала жастары интернетті тек көңіл көтеру үшін ғана емес, білім, кәсіп, нетворкинг құралы ретінде жиі қолданады. Ал көп ауылдық жас онлайн кеңістікте негізінен тұтынушы ролінде қалады, әлеуметтік желіде жаңалық оқығанмен, өзіндік пікір жазып, белсенді топтарға қосылып, жобаларға араласа бермейді. Оның үстіне, тіл мәселесі де әсер етеді. Қаланың қазақ жастарының бір бөлігі орысша-қазақша аралас тілде еркін көсілсе, ауыл жастарының дені қазақ тілінде ғана сөйлейді. Интернеттегі мазмұнның басымы өзге тілде болғандықтан, ауыл баласына ақпараттық теңсіздік тағы туындайды. Бұл фактор олардың үлкен қоғамнан оқшауланып, пікір алмасуға қорқу сезімін тудыруы мүмкін. Мәселен, әлеуметтанулық зерттеулер ауыл жастарының бір бөлігінде екі тілге бірдей жетік болмауы, білімінің қала құрдастарына қарағанда төмендеуі сияқты комплекстер барын көрсетеді. Мұндай ішкі ой-тосқауыл да ауыл жастарын өзін қоғам мүшесі ретінде сезінуден, еркін пікір білдіруден тежейтінін байқаймыз.

Ауыл жастарын тұйықтыққа не итермелейді?

Жастардың белсенді не енжар болуы көбіне әлеуметтік орта мен күнделікті жағдайлармен тығыз

байланысты. Ауылдық жерде өскен көп жастың бойында өзіне деген сенімсіздік басым болатыны жасырын емес. Бұған себеп – бірсарынды ортада өсу, пікірталас мәдениетінің болмауы, үлкендердің айтқаны болуы керек деген секілді жазылмаған заңдар. Мұндай тәрбие көрген жастар өз ойын іште ұстап, үнсіз қалуды үйренеді. Оған қоса, білім мен тіл жағынан қаладағы құрдастарына қарағанда әлсіздеу болу сияқты кешендер де бар. Бұл жасөспірімдердің өзін менсінбеуіне, қоғамда орнын таба алмауына әсер етіп, оларды тіптен тұйық күйге түсіруі мүмкін. Бұған әлеуметтік шеттетілу де қосылады. Шалғай ауылда өмір сүріп жатқан жас елдегі қоғамдық-саяси процестерге өзін қатысы жоқтай сезінеді. Мемлекетте не өзгеріп жатқанын, қай салада қандай жаңа бастама барын білу оған бөтен дүниедей көрінуі мүмкін. Айналасындағы әлем тек өз ауылымен шектеліп қалған жағдайда, ол жас қоғамның толыққанды мүшесі екенін ұмыта бастайды. Мұндай жағдайда бейқамдық пен селкостық қалыпты көрініске айналады. Оның үстіне, ауыл бәрі бір-бірін танытын шағын орта. Мұнда «ел не дейді?» деген ой әр сөздің, әр әрекеттің алдын орап жатады. Көп жағдайда бастама көтерген жасты қолдаудың орнына күмәнмен қарап, мысқылмен қабылдау жиі кездеседі. Осыдан кейін «өз орнымды білейін, көзге түспей-ақ қояйын» деген психология қалыптасады. Егер ауыл үлкендері мен жергілікті билік жастардың пікірімен санаспаса, таппынып шыққан бір-екі белсендінің де жігері құм болады.

Мәдени өмірдің әлсіздігі де ауыл жастарының енжарлығына әсер ететін маңызды фактор. Көптеген ауылда кинотеатр түгілі, жастар жиналатын қарапайым орын таппы. Бар мәдениет үйі немесе кітапхана ескірген, спортзал жоқ немесе талапқа сай емес. Мұндай ортада бос уақытты пайдалы әрі қызықты өткізу қиынға түсетіні анық. Көбі кешке дейін жұмыста, одан кейін теледидар мен телефонның алдында. Уақыт өте келе бұл бір әдетке, кейін өмір салтына айналады. Ал шығармашылыққа бейімі бар жастар аудандық деңгейден әрі аса алмай, арманын ішке жасырады. Спортшы – вахтаға, әнші – тойға, өнертапқыш – базарға кетіп жатады. Себебі қолдау жоқ, мүмкіндік жоқ. Өзін

дәлелдей алмаған адам бірте-бірте үнсіз қалуға бейім келеді. Осылайша қабілетті, алғыр жастардың дауысы өз ауылынан әрі аспай тұншығып жатады.

Кейбір ауыл жастарының үнсіздігіне тек өздерінің енжар мінезі емес, сыртқы кедергілер де себеп. Солардың бірі – жастар саясатының ауылға жетпей, қағаз жүзінде қалуы. Мемлекетте жастармен жұмыс істейтін құрылымдар бар, олардың қатарында жастар ресурстық орталықтары, түрлі кеңестер, «Жастар ісі жөніндегі комитеттер», саяси партиялардың жастар қанаты, т.б. жұмыс істейтінін білеміз. Бірақ сол ұйымдар шынайы ауыл жастарына қаншалықты ашық? Бұл сұрақ кейінгі уақытта көп талқыланып жүр. Мысалы, аудан орталықтарында, облыста өтетін «жастар форумы», «жастар жиындарына» шалғай ауылдан қатардағы жастың барып қатысуы неғайбыл, көбіне бірлі-жарым «ресми» белсенділер ғана барады. Ал ауылындағы жастардың проблемасын, ұсынысын күнделікті кім тыңдап жатқан адам аз. Кей жағдайда жастарға арналған ұйымдардың жұмысы көзбояушылыққа айналып кететінін несіне жасырамыз? Тағы бір үлкен мәселе, жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы диалогтың жоқтығы, оның ішінде жастардың пікірі сұралмауы проблеманың пәрмені секілді. Бұл туралы сала сарапшысы, белсенді Нұрбек Пұсырманов: «Ауыл мен қаланың байланысының нашарлығы, облыс әкімі, министрлердің тіптен ауылдарға бармауы ауыл жастарының санасына соққы болып тиеді және көптеген мәселеде шет қалуына алып келеді» деп жазады. Шынында, шалғай ауылдағы ағайын үшін өзі таңдамаған әкім келеді, өзі араласа алмайтын шешімдер шығады, нәтижесінде, ауыл жастары ғана емес, жалпы тұрғындардың билікке сенімі төмендейді. Ал сенім жоғалса, белсенділік те жоғалады. Үлкендер бұйығы күйге түссе, жастар тіпті тұйықталатыны анық. Осы туралы ауылда тұратын жас Диас Ерболұлы былай деп пікірін білдірді.

– Ауылда қандай да бір шешім қабылданып жатса, біз оған көбіне сырттан қараймыз. Әкім тағайындалса да, жиын өтсе де, алдын ала бізбен ақылдасып, ойымызды сұрай қоймайды. Жастардың пікірі еленбейді деген ой бірте-бірте сіңісіп кеткен сияқты. Қоғамдық іске

араласайын десең, өз орныңды біл деген ишара көп. Ондай жағдайда, әрине, үнсіз қалғанды жөн көресің. Бірақ бұл бейқамдық емес, көбіне еленбей қалудан сақтану шығар, – дейді ауыл тұрғыны Диас Ерболұлы.

Ауыл жастарының үнсіздігі жалғаса берсе, күрделі әлеуметтік дертке айналуы мүмкін. Егер бір ұрпақ өз заманындағы проблема-ларды көтеріп, талап-тілегін ашық айта алмаса, онда қоғамның дамуы тежеледі. Ал Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін тоқырау емес, даму жолы керек. Сондықтан «үнсіз ұрпақ» синдромынан шығу арылы жараға тұз сепкен боламыз. Әрине, тұз жараны жаздады.

Енді жоғарыда аталған көп мәселені шешуге жіті кірісу қажет. Ауыл мен қала арасындағы алшақтықты азайту, ауылды жердегі білім сапасын көтеру, инфрақұрылымды жақсарту, ең бастысы – ауыл жастарына сенім артып, олардың даусын қоғамға жеткізу миссияға айналатын уақыт келді. Қазіргі ақпарат ғасырында ешкімді оқшаулап тастауға болмайды. Ел іргесі берік болсын десек, ауылдағы жастың да идеясын елеп-ескергеніміз жөн. Ата-бабамыз «ақыл – жастаң» деп бекер айтпаған. Ендеше, санада сілкініс жасап, жас буынның үнін ашық айту мәдениетін қалыптастырған абзал. Жасыратыны жоқ, бұл орайда қала мен ауылдың айырмасы үлкен. Мысалы, қалада өткен бір жиында жастар шаһар басшысына тікелей тілек-өтінішін айтып жатса, ауылдағы жиналыста ондай көріністі сирек кездестіресіз, жас түгіл, үлкеннің өзі именшектеп отыруы ғажап емес. Осы психологияны өзгерту үшін, бәлкім, алдымен ересек буын өкілдері өзгеруі керек шығар. Ауыл ақсақалдары, мекеме басшылары, әкімқаралар барлығы бірігіп, жастарға «сенің пікірің маңызды» дегенді сездіре білсе, біраз дүние оңалар еді.

Қуантарлығы, кейінгі жылдары осы бағытта қадамдар жасалып жатыр. Мемлекет басшысы 2022 жылы өткен Ұлттық құрылтайда да «Жастардың көкейіндегі ой-пікірді ашық айтуына жағдай жасау – стратегиялық маңызға ие мәселе» деп атап өтті. Әрине, бұл сөздің іске айналуы уақыт пен талпынысты қажет етеді.

P.S. Ауыл жастары туралы айтқанда, тек жергілікті атқарушы билікке, не өздеріне ғана жауапкершілік артып қою дұрыс емес. Бұл – баршамызға ортақ міндет. Қаланың жоғары оқу орындарында білім алған ауылдың жастары «элита» болып қалмай, туған жеріне шамашарқынша жанашырлық танытса игі. Ақпарат кеңістігінде ауыл тақырыбы көбірек айтылып, жас буынды дамыту ісі назарда болса дейміз. Өйткені ауыл жастары – халқымыздың айнасы, алтын дінгегі. Олардың үні – Қазақстанның болашағының үні.

Ердаулет СӨРСЕНҰЛЫ,
журналист



ӘСКЕРДЕН ҚАШПАС БҰРЫН ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛҢІЗ!

КӨШЕДЕ ЖҮРСЕҢ, ӘСКЕРГЕ АЛЫП КЕТЕДІ

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының 30-бабына сәйкес әскери қызметке шақырылған азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша әскерге шақыру комиссиясына келуге міндетті. Егер осы міндетке салғырт қараса, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңының 647-бабына сәйкес 5 айлық есептік көрсеткіш (шамамен 17 000 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Бірнеше рет шақыртуға келмей, айыппұлды да елемей, әдейі жасырынса, онда іздеу жарияланып, құқық қорғау органдары ҚР Қылмыстық жауапкершіліктің 378-бабы бойынша шара қолдана алады. Бірақ бұл – тек соңғы саты. Бұған дейін міндетті түрде ескерту, шақырту,

енгізілмек. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Атапат» фракциясының мүшесі Болат Керімбек осы мәселеге қатысты пікір білдірді.

– Оқу анықтамасын бір рет қана пайдаланып, әскерге уақытша бармауға болады. Ал екінші рет оқуға түскен болсаңыз, бұл мүмкіндік өз күшін жояды. Әскерге шақыртыласыз, тіпті оқу орныңыздан алып кетуі мүмкін, – деді депутат.

Білім арқылы өсемін дейтіндер әскерге бармаса болады. Бірақ тек бір рет қана мұндай жеңілдік қарастырылатынын ескергейсіз.

ЖАЛҒЫЗ ҰЛ БОЛСА...

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының 35-баптың 2-тармағына сәйкес әскерден уақытша немесе толық босатылу құқығы тек отбасылық жағдайы ерекше азаматтарға ғана беріледі.

гандарында бастапқы даярлықтан өтіп жатқандар, сондай-ақ үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу жұмыстары жүріп жатқан азаматтар да әскери қызметтен уақытша босатылады.

Ұлт баласын тәрбиелейтіндер әскери борыштан заң аясында босатылады.

ӘСКЕРИ БИЛЕТІ БАР СТУДЕНТ ӘСКЕРГЕ БАРМАСА БОЛАДЫ

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңындағы 13-баптың 2-тармағына сәйкес, жоғары оқу орнының әскери кафедрасында толық курс оқып, емтиханды сәтті тапсырған студенттерге «запастағы лейтенант» немесе «запастағы сержант» әскери атағы беріледі. Бұл мәртебе олардың мерзімді әскери қызметтен босатылуына мүмкіндік береді. Алайда оларды 2 жылдық әскер күтуде. Толығырақ Қызылорда облысы Қорғаныс істер жөніндегі департамент бастығының орынбасары, тәрбие идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы Алмат Жакипов тарқатты.

– Студенттік шағында әскери билет алған азаматтар мерзімді әскерден босатылады. Бірақ оларды Үкіметтің қаулысына сәйкес, 2 жылдық әскери кафедрада оқыған мамандықтары бойынша командир қызметіне жұмысқа шақырылады. Сондай-ақ Қорғаныс министрлігі тарапынан жалақы төленіп, пәтер секілді жеңілдіктер қарастырылады. Және негізгі жұмыс орны сақталады. Әскерге бармау үшін әскери кафедраға түсу «ақымақтық». Бұл жаққа әскери жұмысты шынайы жақсы көретіндер тапсыру қажет, – деді ол.

Әскери кафедра сізді әскерге бармаудан құтқармайды. Тек сарбаз қатарынан жоғары қызметте жүруге шақырылады.

40 КҮНДІК ӘСКЕРИ ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕПKE БАРҒАН АДАМ ӘСКЕРГЕ БАРМАЙДЫ

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңында ба-

ламалы әскери қызмет көрсетілмеген. Дей тұрғанмен, 2013 жылдың наурыз айынан бастап ақылы негізде әскери оқыту резервін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту мүмкіндігі ұсынылды. Бұл ел арасында 40 күндік әскери жиын деген атаумен танымал. Бұған кімдер қатыса алады? Қызылорда облысының Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің мерзімді әскери қызметке әскерге шақыру бөлімінің бастығы Нұрлыбек Сейітхановтың айтуынша, 40 күндік әскери техникалық мектепке қабылдаудың басты талабы 24 жасқа толу және жеке шотында 390 мың теңгенің болуы. Ақшаң болса қалтаңда, талдаңда да талдаңда дегенмен, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды деген құжаттың болуы да маңызды. Бір жылдықты бір айға қысқартқысы келетіндерге шақырту жұмысы жүрмейді. Тек азаматтардың ерікті қалауымен жүзеге асады.

Қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген тәміл бар. Бүгінде қырық күндік әскери техникалық мектеп ер балаларды бір жылдық әскерден «тыюдың» жаңа жолына айналды.

ТҮЙІН. Қашу – әлсіздің жолы емес, заңнан хабары жоқтың амалы. Әскер – үреймен емес, әділдікпен мықты. Әлімжеттікке ұшыраған сарбаз кінәлі емес, үндемеген көпшіліктің кінәсі. Сондықтан қашпай тұрып, көлеңкелі емес, күн түсетін тұсыңызды анықтаныз. Бұл мақаланың да мақсаты осы. Әрбір алаңдатқан тақырыптың ақиқатын анықтау. Өйткені әлеужелі әскердің айналасында түрлі пікір қалыптастырып, Отан алдындағы парызды ұмыттыруға сәл қалды. Ал әскер бұрын да, бүгін де тәртіптің алаңы болып қалады. Тек қорғанға айналуы тиіс орынды қорқынышқа айналдырмайық.

Азамат АБИМОЛДА

түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

– Біз азаматтарға қағаз түрінде, де, 1414 арқылы да шақырту жібереміз. Сарбаз болып сапта тұрамын деп келетіндердің саны санаулы. Келмегеннен кейін ішкі істер органдарына іздестіруге тапсырма беріледі. Жергілікті атқарушы органдармен бірігіп, шақырылған азаматтарды іздейді. Содан кейін оларды жинақтау пунктіне яғни медициналық тексеріске әкеледі. Нәтижесінде әскерге бару немесе бармау анықталады. Әскерге шақыру ешқандай физикалық күш қолданбай, жүзеге асады, – деді Қызылорда облысының Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің мерзімді әскери қызметке әскерге шақыру бөлімінің бастығы Нұрлыбек Сейітханов.

Отан алдындағы борышты қорғауға шақыру білекпен болмаса да, біліммен жасалады екен. Үйіне бармайтын азаматтарды жұмыс орнынан құрықтайтын-ды.

– Әлеуметтік желіде әскерден қашып жүрген пайдаланушылар туралы бейнеролик көп. Әскерге шақыртушылар ЖСН сұраған кезде қашуға әрекет жасайды. Күшпен әкетеді деп ойлайды. Осылайша, қате түсінік қалыптасады. Ал негізінде азаматтардың үйіне шақырту жіберіледі. Жауап берілмеген жағдайда жұмыс орындарына, яки басшысы мен кадр бөліміне олардың әскери бөлімшедегі түсіндірме жұмыстарына қатысуын қамтамасыз ету бойынша хат жібереміз. Оған келмесе, заң аясында қылмыстық іс қаралады, – дейді Қызылорда облысы Қорғаныс істер жөніндегі департамент бастығының орынбасары, тәрбие идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы Алмат Жакипов.

Елді қорғау алдымен өзінді қорғаудан басталады. Бет-алды қашқаннан мән-жайды анықтаған жөн, себебі көшеден ешкімді әскерге алып кетпейді. Әскери формадағы азаматты көргенде шетке қашқаннан пайда жоқ.

МАГИСТРАТУРАҒА ТҮССЕҢІЗ, ӘСКЕРГЕ БАРМАУҒА БОЛАДЫ

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының 35-баптың 3-тармағына сәйкес жоғары оқу орнында білім алуға бір реттік мүмкіндік беріледі. Яки бакалавр, магистратура, докторантура дәрежелеріне білімін жетілдіре алады. Сол аралықта білім беру мекемесінің анықтамасы арқылы босатылады. Алайда әскерден жалтарту үшін бакалавр немесе магистратураны бірнеше рет қайталап оқып жүргендерге қатысты заң

Қызылорда облысының Қорғаныс істер жөніндегі департамент бастығының орынбасары, тәрбие идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы Алмат Жакипов былай мәлімдеді. Оның айтуынша, егер екі ата-анасы еңбекке жарамсыз немесе зейнеткерлік жасқа шыққан болса, ер бала үйдің үлкені болып, асыраушысы ретінде есептеліп, уақытша әскерден босатылады. Тағы бір ескеретін жайт, жалғызбасты ана ерекше жан деп көрсетілген немесе зейнетке шықса ұлы әскерге шақырылмайды. Бірақ әкесі немесе анасының біреуі еңбекке жарамды болса, ер бала әскерге барады. Дәл солай, жас жалғызбасты ананың ұлы да әскерге шақырылады.

Занда отбасының жалғыз ұлы деген мәртебесі үшін әскерге бармау құқы көрсетілмеген.

МҰҒАЛІМДЕР ӘСКЕРДЕН БОСАТЫЛАДЫ

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының 35-баптың 5-тармағына сәйкес балабақша, мектеп, колледж, қосымша білім беру ұйымдары мен арнайы мекемелерде тұрақты жұмыс істейтін мұғалімдер (педагогтер) әскерге шақырылмайды. Олар штаттық негізде жұмыс істеп жүрсе, әскерге бармауға құқылы. Десе де жастар практикасы, қоғамдық бағдарлама арқылы жұмыс істесе және уақытша қызметкер болса, әскерге шақырылады. Бұған қоса, ауыл дәрігерлері, депутаттар, кеме мен ұшақ қызметкерлері, құқық қорғау ор-



БАСҚА ПӘЛЕ — ПРАНКТАН

Басы 1-бетте

Міне, оқығаныңыздай әлемде пранктың түрі де, оны жасайтындар да көп. Бір қуантарлығы, өзгенің заңы осал емес. Айтпақшы, Виталий Здоровецкий Филиппинде ұсталғанда көші-кон қызметінің изоляторына жеткізілген. Ал ондағы комиссар Джозль Виадо «Филиппин – әлемнің түпкір-түпкірінен келетін туристерге ашық ел. Бірақ біздің заңымызды менсінбей, қонақжайлығымызды теріс пайдаланғандарға шара қолданылады» деп мәлімдеген еді. Өзге елді өз еліндей көріп жүре беруге болмас. Сөзімізге ресейлік пранкерден бөлек қазақстандық қыздың да оқиғасы дәлел емес пе? «Метродағы пранкер» лақап атымен танымал Аружан Айбекова контент үшін тәртіп бұзды. Елде емес, Қытайда. Ал ол жағдайға қытайлықтар бейжай қарай алмады. Бұл елде мұндай әрекетке қатаң жазы қарастырылған. «Азаматтық кодекстің» 1018-1020-баптарына сәйкес бейтаныс адамдарды рұқсатсыз видеоға түсіріп, тарату – жеке құқық пен абыройды бұзу деп танылады. Ал «Киберқауіпсіздік туралы заң» мен «Интернеттегі контентті бақылау ережелерінде» жалған, арсыз, жала жапқан материалдар жариялауға тыйым салынған. Мұндай контент үшін akkaunt бұғатталуы немесе әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін. «Қоғамдық қауіпсіздік туралы» заңында қоғамдық тәртіпті бұзғандар айыппұл немесе әкімшілік қамауға алынады. Қажет жағдайда, бұл қылмыстық жауапкершілікке де әкелуі мүмкін. Сондай-ақ «Шекарадан өту және кіру туралы» заң қоғамдық тәртіп бұзған шетелдіктерді елден шығарып жіберуге немесе кіруге тыйым салады. Ал біздің елдегі жағдай қандай?

Бүгінде Ішкі істер министрлігі әлеуметтік желідегі контентке байланысты жұмысын күшейтті. Ақпараттандыру мен халыққа үндеу де қарқынды жүріп жатыр.

– Кейінгі уақытта интернетте пранк пен экстремалды көріністер бейнеленген видеолар жиі таралады. Өкінішке қарай мұндай әрекеттер эзілдің шеңберінен шықты. Авторлар ешкімге зиян тигізбейтін контенттің орнына агрессия, арандату, зорлық-зомбылық көрсетіп, өмірге қауіп төндіретін іс-әрекеттерге барып жатыр. Мұндай жағдай жалпыға қауіпті және қоғамдық тәртіпті бұзады, – дейді ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алексеев.

Заңтұрғысында қарастырсақ, ҚР заңнамасында пранк немесе пранкерлерге арналған белгілі жауапкершілік нақты баппен қарастырылмаған. Ал парыксыз пранкке кім һәм не тосқауыл болады? Сауалымызға жауап алу үшін ІІМ Ақпараттық саясат департаментінің басқарма бастығы Шұғыла Тұрлыбекпен байланыстық.

– Иә, пранкерлерге нақты бап қарастырылмаған. Дегенмен жауапкершілік контенттің түріне қарай бөлінеді. Мысалы, жаяу жүргіншілер жолағында билеу, көлікте денесін шығарып, үлкен жылдамдықпен айдау, бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кету секілді әрекет жасап, контент түсіретіндер бар. Олар жол қауіпсіздігін бұзады. Яғни соған сәйкес жазаланады.

Кейінгі уақытта орын алған кейстің біріне тоқталсам, Астана қаласындағы тұрғын үй кешенінің бірінде лифте кездейсоқ, суық қарумен кіріп, пранк жасаған жағдай анықталды. Полиция қызметкерлері дереу ден қойып, пранк жасағандардың жеке ақпараты анықталды. Сәйкесінше ҚР әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 434-бабы бойынша жауапқа тартылды. Яғни олар ұсақ бұзақылық жасағаны үшін сот шешімімен 15 тәулікке қамалды.

Қытайдағы жағдайға келсек, қуанышымызға орай отандасымыз жауапкершілікке тартылмай, ескерту алды. Ол қыз елге оралып, біздің полиция қызметкерлеріміз профилактикалық әңгіме жүргізді.

Қазақта «айтылған сөз, атылған оқ» деген мақал бар ғой. Осы мақалды әлеуметтік желідегі жарияланымдарға теңестіруге болады. Не жарияласаңыз да, ол лезде таралып, көшірушілер де, пікір жазатындар да табылады. Сол үшін әр

жазбаға жауапкершілікпен қараса дейміз, – деп жауап берді ақпараттық саясат департаментінің басқарма басшысы.

Адамның қадірін ойыншыққа айналдырған қоғам – өз қадірін де жоғалтады. Бұл қадірдің ішінде адам өмірі де бар. Мысалы, Алматы облысында экстремалды видео түсіру кезінде жас жігіт келе жатқан көліктің үстінен секіру керек болған. Өкінішке қарай бұл әрекеті қайғымен аяқталды. Ол ауыр жарақат алып, көз жұмды.

Облыстағы ахуалға ойыссақ, Қызылорда облысы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Рауан Әлдешовтің айтуынша аймақта мұндай бағытта тәртіпбұзушылық орын алмаған. Ал ІІМ өкілдерінің ақпаратына сүйенсек, республика бойынша жыл басынан бері 24 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жарты жылда тіркелген мұнша істің аз, әлде көп екенін айта алмаймыз. Себебі бұл сан нақты қанша адамның пранк немесе экстремалды видео түсіргенін айтпайды. Яғни көп жағдайда шағым аз, қоғам да үнсіз. Рас.

– Дамыған елдерде әр адам өз құқығын да, міндетін де біледі. Егер сен біреудің құқығына қол сұқсан, ол бірден реакция білдіреді, заңға жүгінеді. Ал бізде көп жағдайда қоғам кері реакция бермейді. Тіпті мәселені де айтып көтермейміз. Сондықтан пранкерлер контентін еркін түсіріп жүре береді. Иә, біз де жас болдық. Қазіргі жас буынды да түсінемін. Дегенмен бүгінгі эзіл өз шегінен шығып жатыр. «Кой!» дейтін адам жоқ, – деп пікір білдірді заң ғылымдарының докторы, профессор Айсана Сман.

Парыксыз пранктың пайдасы тек лезде «жұлдызға» айналдырады. Ал салдары кейде ауыр аяқталуы мүмкін. Заңгердің кеңесі қандай?

– Біріншіден, шетелде жүргенде кез келген азамат сол елдің заңын бұзбауы керек. Әр мемлекеттің заңы әртүрлі. Жеке заңнамасы, менталитеті мен дәстүрі бар. Мысалы, Қазақстанда пранкерлер еркін жүрсе, Қытайда қатаң қарайды, заңнамасы бөлек. Екіншіден, өзге елде жүргенде қандайда бір қиындық болса дипломатиялық өкіл немесе консулдарға жүгіну керек. Пранкерлер әр адамның жеке өмірі, есімі, еркіндігі, ұлттық болмысы, шекарасы бар екенін ескеруі керек. Пранк жасама деу мүмкін емес, өйткені бұл – қоғамда бар құбылыс. Бірақ жастар «Мен адамның қандай құқығын бұзып жатырмын? Еркіндігіне қол сұғып жатқан жоқпын ба? Ертең бұл видео желіге салынса, адамның жағдайы қандай болады?» деп ойлануы керек. Адам құқығының негізгі принциптерінің бірі – жеке өмірге қол сұқпау. Жеке өмірге заңды тұлға да, жеке тұлға да, тіпті мемлекет те араласа алмайды. Сол үшін пранкерлер осы мәселені ескерулері керек.

Жалпы «пранкер» деген термин жоқ. Мұны көп жағдайда әкімшілік кодексте көрсетілген ұ с а қ

бұзақылық бойынша қарастырады. Қоғамның тәртібін бұзса, біреуге тиіссе, тұрақталған тәртіптің негізін бұзса жауапкершілікке тартылады. Мысалы, көбіне айыппұл, 5,10 немесе 15 күнге қамауға алынады. Сол секілді іс-әрекеттің ауырлығына қарай қылмыстық жауапкершілікке де тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда бас бостандығын шектеуге дейін барады. Тағы ескеретін жайт, 14-17 жас аралығындағы жасөспірім арасында да пранк түсіру кең таралған. Олар мұның салдарын түсінбеуі мүмкін. Ал заң бұзған жағдайда жауапкершілік ата-анасына жүктеледі. Сондықтан ата-аналар да балаларына мұқият болса деймін, – дейді Айсана Сман.

Түсінгеніміздей, пранктың залал деңгейіне қарай шара қолданылады. Бірнешеуіне тоқталсақ, пранк барысында қоғамдық орында балағаттау, басқа адамдарды сыйламау әрекеті жасалса, бұл – ұсақ бұзақылық. Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес 434-бапта қарастырылады. Мұндай жағдайда 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады немесе 10 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады. Егер пранк жүйелі түрде бір адамға бағытталып, моральдық қысым жасау сипатында болса 73-1-бабына сәйкес буллинг деп есептеледі. Ал шу, айғай немесе дүрлікте тудырса, тәртіп бұзушыға 78-бап бойынша шара қолданылады. Пранк барысында адам денсаулығына, еркіндігіне немесе ар-намысына ауыр зардап келтірілсе, жағдай қиындай түседі. Мұндайда қылмыстық кодекстің бірнеше бабы қолданылады. Мысалы, 293-бап – бұзақылық. Қоғамдық тәртіпті бұзу, қорқыту, күш көрсету. Жазы – айыппұлдан бастап, 2-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру. 125-бапқа тоқталсақ, егер пранк кезінде мәжбүрлеп ұстау, кетуге кедергі жасау адамды заңсыз бас бостандығынан айыру болып саналады. 147-бап – жеке өмірге қол сұғу. Адамның келісімін алмай видеоға түсіру және жариялау осы бапқа сәйкес келеді. Ал 158-бап – жала жабу. Қасақана жалған ақпарат тарату арқылы адамның ар-намысына тию.

Егер сіз мұндай «эзілдің» құрбаны болсаңыз, өз құқығыңызды қорғауға толық мүмкіндігіңіз бар. Заңгер Азамат Марат мына әрекеттерді ұсынады: полицияға шағымдану, видеоның интернеттен өшірілуін және азаматтық талаппен моральдық және материалдық

шығынның орнын толтыруды талап ету, сотқа жүгіну. Ал арыз түсірерде дәлел ретінде бейнежазба, куәгерлердің сөзі немесе скриншоттар қоса берілгені жөн.

Иә, жауапкершілік басты құрал болуға тиіс. Контент-продюсер Заманбек Жақсылық та пранкты қаралым көп жинайтын тәсілдің бірі дейді.

– Қызмет көрсету саласында еңбек етіп жүрген қарапайым қызметкерлерді камера алдында «жұбатпауға» тырысып, соңында өтемақы ұсынып, бар абырой мен ықыласты өзіне алып кететіндер көбейді. Өкінішке қарай, мұндай әрекет бүгінде қалыпты құбылысқа айналып барады. Адам көңілімен ойнаудың да шегі бар. Өз әрекетін «эзіл» деп түсіндіре салуды жөн көретіндер көп. Мұндай көрініс көрермен ретінде мені қынжылтады, – деп жауап берді ол.

Расымен, бейәдеп қылығын, өзгенің шекарасына өтуді қалжыңға жатқызып, заңнан жалтара аламыз ба? Бұл жөнінде құқық маманы Әйкерім Құсайынқызы жауап берді.

– Жок, пранк жасаушы өзінің әрекетін «эзіл» деп сипаттау арқылы заң алдындағы жауапкершіліктен автоматты түрде босатылмайды. Қазақстан заңнамасы бойынша, істің мән-жайына қарай сот нақты зардап пен қасақана болған-болмағанына

қарап шешім шығарады. «Мен эзілдедім» деп ақталу қылмыстық құрамды жоққа шығармайды, – дейді маман.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Динара Наумовамен осы мәселе төңірегінде әңгімелестік. Оның айтуынша, әлеуметтік желілер – қазіргі заманғы коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналды. Дегенмен ондағы кез келген контент этикалық нормалар мен өзгелерге деген құрмет шеңберінен шықпауы тиіс.

– Расында да, мұндай әрекеттер кейбір жағдайда рұқсат етілген шектен асып, қоғамдық тәртіпке зиян тигізіп, азаматтардың алаңдаушылығын тудыруда. Әсіресе ондай «эзілдер» адамдарды шошытып, қоғамдық жерде дезориентацияға немесе тіпті агрессияға себеп болған кезде, бұл – қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне айналады. Осыған байланысты қолданыстағы нормаларды талдап, мұндай жағдайларға қосымша құқықтық тетік қарастыру керек деп есептеймін, – деді депутат Динара Рустамқызы.

Ал келесі мәселе – жәбірленуші жасөспірімдердің психологиялық жағдайы.

– Адамның мінез құлқына қарай пранкке түрлі реакция жүреді. Жалпылама алғанда, пранк жасалған жасөспірімде алдымен қорқыныш, күйзеліс, тіпті стресс болады. Пранк арқылы өзге адамды қорқыту, ұялту немесе мазақ ету – ұзақ мерзімді психологиялық салдарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда баланың дамуы, ортасы және темпераменті де басты рөл ойнайды. Егер де мінез құлқында, дамуында ерекшелігі бар, темпераментінде меланхолизм басым, отбасында тәрбие мүлде басқаша болса, жасөспірім депрессияға, стресске түсіп кетуі мүмкін. Ал отбасы жағдайында жасөспіріммен қатынас тепе тең болса, бала мен ата ана арасында келісім, түсінік, достық қатынас болса, баланың қабылдауы, өз өзіне деген сенімі мол болса, мұндай күйзеліске түспейді немесе жеңіл түрде қабылдап, бұл этаптан әрі қарай өтіп кетеді, – деп түсіндірді Қызылорда облыстық жастар денсаулығы орталығының психологы Мақпал Серікқызы.

Әлеуметтік желідегі әр жазба, фото-видеоның салдары болатынын, ондағы жауапкершіліктің жоғары екенін түсіну қажет. Мәселе тек пранкерлерге қатысты деп ойлау қате пікір. Себебі 2023

жылдың 10 шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Онлайн платформалар және онлайн жарнама» туралы ҚР заңына қол қойды. Бұл заңда блогер, инфлюенсер деген ұғым енгізіліп, олардың міндеттері көрсетілген. Осы заңның 16-бабында онлайн платформаны жалпы қолданушылардың, ал 17-бабында блогер, инфлюенсердің міндеті мен құқығы көрсетілген. Олардың міндетіне заңды сақтау, тарататын, жариялайтын ақпараттың анық-қанығын тексеруі жатады. Жалған ақпарат таратуда, қоғамды дүрбелеңге түсіретін немесе басқа да заң бұзуға шақыратын контент таратуға тыйым салынады. Сонымен қатар егер жалған ақпарат, құқыққа қайшы контент жарияланатын жағдайда оларды жоюға міндетті.

Жалған ақпарат орналастырғаны үшін қарастырылатын арнайы баптар бар. Мысалы, әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 456-2 бабы, 5 бөлігі блогерлердің жалған ақпарат таратқан жағдайын қарастырады. Жеке тұлғаларға 30 АЕК, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілерге, коммерциялық емес ұйымдарға 40 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілері болса 80 АЕК, ірі кәсіпкерлік нысандарға 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Осы құқықбұзушылықты бір жыл ішінде қайталаған жағдайда 6-бөлікке сәйкес айыппұл мөлшері артады. Былтыр 456-2 баптың 5-бөлігімен 8 әкімшілік материал толтырылса, биыл жарты жылда 7 әкімшілік материал толтырылған. Еске сала кеткен жөн, іс-әрекеттің ауырлығына қарай қылмыстық кодексте де арнайы бап қарастырылған.

Эзілдеу де өнер. Дегенмен адамды жаралайтын қалжың өнер емес, ерсілік. Контент келеді де кетеді. Бірақ көңіл қалдырған адамның көңексесі де сүйкімсіз. Осыны ұмытпайық!

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖАН СЫРЫ

Уақыт зырылдап, күндер зуылдап өтіп жатқанын қым-қуығт тірлікпен жүріп, кейде байқамай да қаласың. Көзді ашып-жұмғанша әрлі-берлі пойызбен жол жүріп келе жатқанымда да 41 жылдың жүзі болыпты. Осы жылдар аралығында жолаушының тамақ ішетін алақандай үстеліне қағаз дастарқан жайылып, қаншама адамдармен дәмдес болдым. Сан түрлі тақырыпта әңгімелер айтылып, шер тарқатылды. Әр кезеңдегі адамдардың өмір деректерінен ой түйіленп, тәжірибе алуымда да сеп болды.

Иә, тіріде адамның тіршілік мәзірі біткен бе, тағы да жолға шығуымда тура келді. Сол баяғы пойыздың купелі вагонына билет алдым. Вагонға мініп, сәлем беріп, купеге кірсем, кудай ақ шашты әйел адам терезеге қарап отыр екен. Бұрылып басын изеді. Жанарынан мейірім төгіліп, жүзінен жылулық лебі есіп тұрғандай. Орнымда отырып, жатын орнымды жайғастырғанша пойыз да жылжыды. Сол баяғы «салт» бойынша қайнаған су әкеп, шай демдеп, жолға алғандарымыз үстелге қойып, «дәмге жакынданыз, шай ішейік» деп, кішілік көрсеттім. Шай ішіп, жөн сұрасып, оны-мұны әңгіме еттік. Бата берді. Дастарқанды жинастырдым.

Екеуміз де терезеге қарап, біраз үнсіз отырып қалдық. Бір кезде апай менің жүзіме тесіліп қарап, тағы отырды (іштей ынғайсыз күйге түстім). Бір уақытта жанға жайлы қоңыр дауыспен: «Қызым, мен мектепте 40 жыл ұстаздық еттім, қазір құрметті демалыстамын, ардагер ұстазбын. Алдымнан қаншама шәкірт түлеп ұшты. Ұстаз жүрегі алдамайды, көзі қырағы келеді, әр оқушыға дәлме-дәл мінездеме бере алады, ұстаз психолог қой...».

Әңгімені көп созғысы келмеді ме, сәл ойланып отырды да: «Қызым, мен бүгін алғаш рет көңіл қойнауына бүккен бір сырымды өзіңе ақтарғалы отырмын. Бүгін шығармасам, кейін өзіммен мәңгілікке алып кетемін. Айыпқа бұйыра көрмессің» деді де, әңгімесін бастап кетті.

«Шешем күйеуінен ажырасқан соң, інім екеумізді ауылда тұратын нағашы апасының қолына апарып тастайды. Мен бесте, інім үш жасар екенбіз. Апайдың қатысып отырған көршісі, үйленгендеріне біраз жыл болса керек, балалары болмапты. Олар сұрады ма, әлде апай көршісін аяды ма, ол жағын білмедім, мені сол кісілерге береді. Шешеміз сол кеткеннен келмейді, бізді сұрауы жоқ деп тастап кеткен болу керек. Содан ерлі-зайыпты көршілер мені бауырларына басып, ол жерден бірден аудан орталығына көшіп кетеді. Бауырына басқан шешемнің мінезі сәл қаттылау, керісінше әкем жұмсақ, балажан кісі болды. Шешем көп ұрысатын, кейде тіпті ұратын. Баламын ғой. Жаман болсын деп ұрып-соқпайтын шығар. Мен әлжуаз, тұйық, аурушаң боп өстім. Дегенмен ешнәрседен таршылық көрмедім. Әкем қатты еркелететін. Сөйтіп жүріп, мектепті бітіріп, институтқа оқуға түстім. Онда да ештенеден кенде қылған жоқ. Жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға әкешешемнің қасына келдім. Мектепке мұғалім болып орналастым. Бір күні шешем: «сөз байласып жүрген адамың болса айт, көзімнің тірісінде қолдан ұзатып, жасауыңды берейін» деді.

Сонымен не керек, көрші ауданның жігітіне

ұзатылдым. Тұңғыш қызымды босанғаннан кейін шешем өмірден озды. Әкем жалғыз қалды. Әкем о бастан кіндіктен жалғыз еді. Оның жалғыз қалғаны жаныма қатты батты. Ай сайын келіп, кір-қоңын жуып, үйін тазалап беріп кетемін. Екі ауданның арасы 4-5 сағаттық жер, жол да нашар. Сөйтіп жүргенде екінші қызым дүниеге келді. Енді екеуімен қатынау қиынға соқты. Бір күні ата-енеме: «Сіздерде шүкір ғой. Бізден кейін де балалар бар. Бізге баталарыңызды беріп, рұқсат етсеніздер, әкемнің жанына барып тұрсақ. Бір үйлерің боламыз ғой. Үлкен кісі, ер адам, менен басқа ешкімі жоқ білесіздер» деп едім, енем бет қаратпады. «Жоқ, жібермейміз. Кетсең, өзің кете бер, балам бармайды» деді. Олар да қылшылдап тұрған жас емес, түсінетін шығар деген ойда болдым. Түсінбеді. Солай екі қызымды алдым да, әкемнің үйіне келдім. Әрине, әкем қарсы болды.

«Мен үшін отбасыңды тастама, екі қызыңды тірі жетім етпе» деп, әрі-бері айтқанына көнбедім. Жұмысыма оралдым, екі қызымды балабақшаға бердім. Мен үшін әкем бірінші орында тұрды. Күйеуім келмеді, тіпті қыздарын іздеп, ат ізін салмады. Күндер өтіп жатты. Бір күні көрші апай үйіне шақырды. Барсам, егделеу әйел мен бір жігіт отыр. Баяғы нағашы апай. «Шешең сол кеткеннен мол кетті, Ресей жаққа күйеуге тиіп кетті» деп естідім. Мына жігіт – туған інім. Көзімнің тірісінде табыстырып кетейін деп келіп отырмын» деді. Інімді құшақтап, көз жасыма ерік бердім. Мауқымды басып, біраз әңгімелестік. Үйге келген соң, әкеме айта алмадым. Әкем науқастанып жүрген болатын. Сөйтіп, інім үйге келіп, отын-суымды түсіріп беріп, көмектесіп жүрді. Қаншама рет айтуға оқталсам да, неге екенін білмеймін, әкеме айта алмадым. Әкем мені қатты жақсы көріп, еркелетіп өсірді, айтқанымды екі етпейтін. Әке-шешеме алғыстан басқа айтарым жоқ. Ешнәрседен таршылық көрсеткен жоқ. Сөйткен әкемді жүрегіне ауыр тие ме деп қорықтым ба, әйтеуір айтуға бата алмадым. Әкемді балаша құттім. Өзіме де, екі қызыма да қайта-қайта батасын беріп, ризашылығын айтып, әкем 87 жасында көз жұмды. Ақ жуып, арулап, ақтық сапарына шығарып салдық. Үйін салып, белгісін қойдық. Сонда да өзіме көңілім толмады. Әкемнің алдында өзімді кінәлімім деп санадым. Бейітіне барып, жылап отырып, кешірім сұрадым. «Екі қызымның да алдында айыптымын, әкем үшін екеуін тірі жетім еттім. Олардан да күнде кешірім сұраймын. Қазір 80-ге таяп қалдым, әлі іштей егіліп келемін. Өзімді өзім кешіре алар емеспін» деп, үнсіз қалды.

Сол сәт жанарынан аққан жас жылғадан аққан жаңбыр суындай әжімдерінің арасынан омырауына жылжып ағып жатты. Жыламауға бекініп, қыбырсыз отырмын. «Көз жасымды көріп, бұның да жүрегіне қаяу түсірдім бе?» деп тағы да өзін кінәлап жүрер деген ойда болдым. Ұстаз-ананың алдында бүкіл әлем бас неді. Батыр да, дана да, ғалым да ұстаз-анадан дәріс, тәлім-тәрбие алғандар. Жүсіпбек

Аймауытов «Жақсы ұстаз – анаңдай ұлы» деген емес пе?! Сондықтан алдымда «екінші анам» отыр деп ойладым. Жанын жаралап алмайтындай жұбатып, кеудесін көтеретіндей, күйремейтіндей дем беріп, ой шырмауынан шығатындай күш беріп, алаңсыз күн кешуіне титтей болса да сеп болуым үшін айтар ойымды нық және нақ етіп жеткізуім керек деген тұжырым жасадым (Бұндай жағдай алғаш рет боп отыр).

Ойымды жинақтап, жанына отырып, қолынан ұстап: «Апа, бәрін көріп, біліп, естіп, реттеп тұрған көкте құдіретті күш несі бары хак! Ол сізге жол ашты, кеттініз. Қаншама рет айтуға оқталсаңыз да, сізге айтқызбады. «Құдайсыз қурай да сынбайды» демей ме? Сіз өзіңізді ғана емес, жаныңызға жақындарыңызды да кинап жүрсіз. Іштей езіліп, егілген сайын әкеніздің рухы қиналады. Жаны жай тауып, жайлы жатқсын десеніз, әкеніздің рухына тыныштық берініз. Күнде кешірім сұраған с а й ы н



«кешіргенімізді қалай дәлелдейміз?» деп, қыздарыңыз іштей қиналады. Отбасыларымен бақытты болып, өз қалауларыңша өмір сүрсін десеніз, оларға да тыным берініз. Өзіңізді өзіңіз кінәлап, бекерге күнә аркалап жүрсіз. Құдайдан адам күшті емес. Айыптауға да, кінәлауға да лайықты Тәңір ғана! Сондықтан алдағы өміріңізде, еліңіздің тыныштығын, айналаңыздың амандығын, халықтың бірлігін тілеп, осы күніңізге шүкір айтып, төріңізде алаңсыз тыныш отыруыңызға болады» дедім.

Ұстаз бір нүктеге қадалып, ойда отыр. «Ақыл-гөйсін артық айтып, көсемсіп, тіпті сәуегейсіп қатты кеттім бе, ұят болды-ау» деп, ұшып тұрып, басымды иіп кешірім сұрадым. Ұстаз құшағын ашты. Басымды төсіне қойып, шашымнан сипап отырып, өзін айтқандай «Сені маған Тәңір жолықтырған шығар. Қалған өмірімде тілеуіңді тілеймін. Абырой туынды ешқашан төмен түсірмесің! Қайда жүрсең де, аман бол, айналайын!» деп, маңдайымнан сүйді. Марқұм өз анамның төсінде жатқандай ет жүрегім елжіреп,

көзіме келген жасты зорға тежедім. Көз жасымды көрсетпеуге тырыстым.

Межелі жерге жетіп қалдық дегендей, паровоз ышқына айқайлап, жүрісін баяулатты. Түсетін уақыт болды. Қоштасар сәтте,

біреуге болмаса, біреуіне септігі

тиіп, ой салып жатса, жақсылық емес пе деген оймен қағаз бетіне түсіруге ұстаздан рұқсат сұрадым. Мейірлене жымнып, басын изеді де, тек аты-жөнін жазбауды өтінді.

Негізі адам жас шамасына қарамай-ақ, сана-түйсігі бір жерге тоғысқанда, ішкі әлемдері үндестік тапқанда, кеуде сарайына сенім көпірі бекігенде, мәуелі сөз өріліп, мәйекті ой төгіліп, сыр сандығы ашылып, сүбелі сұқбат өрбитіні бек мүмкін екеніне көз жеткізгендей болдым.

Әбіш Кекілбаев: «Сәл нәрсеге таң қаласың, сәл нәрседен сыр аңғарасың» деген екен. Иә, карт ұстаздың ана жүрегі бала жүрегінен қуат алып, бала көңілдің бал-бұлағынан сусындап, көкірек қыжылын басып, көңіл қойнауын зілден тазартып, бала сезімнен өн бойына тың серпіліс, соны күш алғандай ма, кеудесін тік ұстап, қадамын ширақ басып бара жатты.

Бибісара КЕНЖЕБЕКОВА-ОМАРОВА,
қала тұрғыны

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘР АДАМНЫҢ МІНДЕТІ

Жіті ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Ішек жұқпасы әлемде ең көп таралған инфекциялардың қатарына жатады.

Барлық ересектердің, балалардың дизентериямен салымонеллезбен және басқа да жіті ішек инфекцияларымен ауырмаған ел жоқ. Жұқпалы жіті ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі жаз айлары. Ішектің ауруға шалдығуы – іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауынан туындайды. Ішек инфекциясы – жұқпалы ауру. Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден: жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдар пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жұғады.



Аурудың алғашқы белгілері іштің жиі-жиі судай өтуі, дене қызуының көтерілуі, сәбилердің емшектен бас тартуы, асқа тәбеті болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селкостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретіне қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы арқылы байқалады. Науқастың жиі құсып, іш өткен сайын жағдайы ауырлай түседі. Өйткені организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыда аталған клиникалық белгілер пайда бола бастаса міндетті түрде дәрігерге көріну қажет. Мұндай кезде дәрігер келгенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты көбірек ішкізген жөн. Антибиотик қолдануға болмайды, өйткені аурудың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

Емдеу жолдары:

Жоғалған сұйықтықтың орнын толтыру үшін: омырау сүті, (нәрестелерге) айран, күріш суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындалтылған су, ауыз арқылы ішетін тұзды-минеральды су ерітіндісі – «Регидрон» ұнтағының 1 пакеті қайнатылып, бөлме температурасында суытылған 1 литр суға дайындайды. Дайын ерітіндіні әрбір 3-5 минут сайын ішу керек. Егер құспаса, аз-аздан жиі ішкізуге болады. Ерітінді әрбір күнге жаңадан дайындалады.

Алдын алу шаралары:

Ішек инфекцияларының пайда болуының алдын алу үшін тағамдық азық-түліктердің сапасы өте маңызды – көптеген тағамда бактериялар тек қана өміршендігін сақтап қана қоймай, олар ауру тудырушы адамның қолымен тағамды ауызына апарғанда асқазан-ішек жолына кір қолы арқылы, ластанған су арқылы, сапасыз азық-түліктер арқылы түсіп қарқынды түрде көбейеді.

Әсіресе тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтілмейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, винегреттер, сондай-ақ жемістер мен жидектер жатады. Салаттар мен винегреттерді, әртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді тоңазытқышсыз түнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындайтынын білу керек. Жеке адамдардан сатып алған құйылып сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек. Ал пастерленген ірімшіктен пісірмелер, пудингтер, сырниктер дайындаған дұрыс. Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышта беті жабық ыдыста, шикі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тактайларда арнайы пышақтармен бөлу керек.


Дүкендерде тауық еті сатылғанда +2, +3 градустық температурада жұмыртқа 25 тәуліктен артық сақталмауы керек. Құс еті мен жұмыртқаны сатып алғанда, олар қорапта болса да, бөлек пакеттерге салу керек.

Өнімдердің жақсылап қуырылуы мен қайнатылуына көңіл бөліңіз. Етті қайнатқанда ірі кесек жасамай 1 сағаттан кем емес, жұмыртқаны 15 минуттан кем емес қайнату керек (осы уақыт аралығында салымонеллалар толығымен жойылады). Жұмыртқаны шикі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз.

Ал ең кішкентай нәрестелерге келсек, оларды аурудан сақтау үшін қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді, оларды құту кезінде: баланы әрбір тамақтандырар алдында және тамағын дайындар алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек. Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін. Сол үшін ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегеніміз жөн.

Әсем ОМАРОВА,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы



әсіресе, мемлекеттік қызметкерлердің жоғары жауапкершілігі мен кәсіби адалдығын талап етеді.

АДАЛ ҚЫЗМЕТ — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына тұсау салатын қауіпті құбылыс. Ол халықтың билікке деген сенімін азайтып, заң үстемдігіне күмән тудырып қана қоймай, ел экономикасына елеулі зиян келтіреді. Бұл мәселе-нің тамыры тереңге жайылмас үшін мемлекеттік қызмет жүйесінде ашықтық, әділеттілік және есеп берушілік қағидаттары нақты орнығуы қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында жемқорлықпен күресті күшейту, алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу керектігін үнемі атап өтуде. Әрбір мемлекеттік қызметкер өз жұмысында заңдылықты басшылыққа алып, адалдық пен парасаттылықты ту етуі тиіс.

Бұл тек қана кәсіби талап емес, бұл – азаматтық ұстаным. Мемлекеттік қызмет – бұл мәртебе ғана емес, үлкен жауапкершілік. Әрбір мемлекеттік қызметкер – елдің бет-бейнесі, халықтың үміті мен сенімінің тірегі. Адалдық пен әділдік, заңға және қоғамға деген құрмет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі басты қаруымыз. Ендеше еліміздің жарқын болашағы үшін әрқайсысымыз өз ісімізге адал болайық.

Гүлмира АЛАШБАЕВА,

Сырдария аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Болат АХМЕТОВ,
Мұрат Саламатов атындағы
Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің директоры:

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Ал мұндай мамандарды даярлап, кәсіби білім беруде өңірдегі Мұрат Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің жұмысы жолға қойылған. Соған сәйкес колледж директоры Болатбек Ахметовпен әңгіме өрбіттік.



– Болатбек Әбиұлы, ең әуелі жұмысшы мамандықтар жылының маңыздылығына тоқталып өтсеңіз.

– Өздеріңізге белгілі, биылғы жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл жыл еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды даярлап, жастарды осы салаға көптеп тартуға мүмкіндік береді.

Президентіміздің бұл шешімі мемлекетімізде бірқатар бағыттар бойынша нақты шараларды жүзеге асыруды көздейді. Мәселен, бірінші кезекте кәсіби білім беруді дамыту жоспарға қойылып отыр. Яғни жұмысшы мамандықтарына арналған колледждік мен оқу орталықтарының материалдық-техникалық базасын жақсарту, білім беру бағдарламаларын заманауи талаптарға сәйкестендіру қайта қаралады. Сондай-ақ өндірістік тәжірибе мен дуальды оқытуды күшейту арқылы түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері артып келеді. Оған қоса жалақы мен еңбек жағдайларын жақсарту да басты назарда. Мамандардың әлеуметтік қорғалуы мен еңбек жағдайларының жақсаруы олардың жұмысқа деген ынтасын арттырады. Осыған байланысты мемлекет еңбек ақыны көтеру, әлеуметтік пакеттерді кеңейту, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді шараларды іске асыруға басымдық бермек.

Қазір қоғамда еңбегі еленбей қалатын маман иелері өте көп. Осындай еңбек адамдарының бейнесін қоғам алдында көрсетіп, құрметке бөлеу, жастар арасында жұмысшы мамандықтарына қызығушылық ояту мақсатында ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізу маңызды рөл атқарады. Мәселен, еңбек ардагерлері мен үздік жұмысшыларды марапаттау, олардың жетістіктерін елге көрсету арқылы жастарға үлгі етуге болады. Сонымен қатар жұмысшылардың өмір сүру сапасын арттыру мәселесі де күн тәртібінен түспей келеді. Яғни, қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету, балаларға арналған білім беру және бос уақытты тиімді өткізу орындарын ашу арқылы жұмысшылардың өмір сапасын көтеру жоспарлануда.

– Жаңа оқу жылы басталуға жақын. Жұмысшы мамандық иелерін даярлайтын оқу орнының алдағы жоспары қандай? Колледж қандай мамандықтар бойынша білім береді? Мамандықтарды талапкерлер өздері таңдап келе ме?

– Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжі – жарты ғасырлық шежірелі бай тарихымен, қонжылдық білім және ғылым саласындағы тәжірибесімен ерекшеленген аймақтағы білім ордасы. Біз, бәсекеге қабілетті, заман талабына сай жаңаша ойлайтын жоғары деңгейлі білікті мамандар даярлауда отансүйгіштік бағытта тәрбиеленген мамандарды дайындап жатқандығымызды сеніммен айта аламыз. Сондай-ақ ол техникалық және кәсіптік білім беру саласының имиджін көтеруге септігін тигізетіні сөзсіз.

Әр өңір өзінің экономикалық әлеуетіне қарай қажетті маман иелерін даярлауда түрлі деңгейдегі бағдарламалар бойынша жастарды ынталандырып, кәсіби білімін жетілдіруге күш салады. Біздің де жоспарлы жұмыстарымыз жоқ емес.

Бүгінде колледжде 7 мамандық 9 біліктілік бойынша білім береді. Ол мамандықтардың барлығы



ғы еңбек нарығына қажет және сұранысқа ие. Нақтылап өтсем, «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Сандық техника (түрлері бойынша)», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Машиналар мен жабдыктарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Маркетинг (салалар бойынша)», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» бойынша білім береді. Яғни осы мамандықтар арқылы талапкерлер «Кондитер-безендіруші», «Аспаз», «Электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик», «Телекоммуникациялық жабдыктар мен байланыс арналарын электро-монтаждаушы-реттеуші», «Жабдықты баптаушы», «Арнайы тігінші», «Модельер-пішуші», «Сатушы» мен «Жол-құрылыс машиналарының машинисі» бойынша біліктілігін арттырып, нағыз маман иесі болып шығады.

Шыны керек, қазір ата-аналар мен 9 сынып оқушылары әрбір оқу орнының жетістігіне үңіліп, оқытушылар құрамына қарай таңдау жасау қажет екенін енді түсініп келе жатыр. Әлеуметтік желі арқылы кез келген ақпаратты жылдам әрі тез ала алады. Сол арқылы колледждің жұмысымен танысуға келеді.

Оның үстіне колледж тарапынан жыл бойы кәсіби бағдар жұмыстары

қарқынды жүргізіледі. Біз баламен қатар ата-анамен де кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

Мектепте жасөспірім шақта оқуға ынтасы болмай жүрген балаға «Колледжде түссен, шәкіртақы аласың» десең, бала ерекше өзгеріп жанадан дем пайда болып, мамандыққа деген ынтасы ашылады. Яғни, біз баланы «Сен жамансың! Сенің қолыңнан келмейді!» деп емес, оның бойындағы ашылмай жүрген жаңа қырларын оятып, оны дамытуға көмектесуіміз керек.

– Колледждің материалдық-техникалық базасы қандай және басқа қандай жаңа тың жаңалықтарды әкелу жоспарларыңызда бар?

– 2013 жылы Қызылорда облысы еңбек ресурстары балансы негізінде колледж қызмет көрсету және сервис бағытындағы мамандар даярлауға салаландырылды. Соған сәйкес «Электржазбен пісіруші», «Жол құрылыс машиналарын техникалық пайдалану», «Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету», «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандықтары қысқартылып, нәтижесінде «Тоңазытқыш-сығымдағыш машиналар және қондырғылары», «Радиотехника және байланыс», «Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету» мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырыс орналастырылды. Одан

қала берді 2012 жылы жергілікті бюджет есебінен – 10 миллион теңге қаржы бөлініп, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша зертханасы жаңа үлгідегі жабдыктармен жабдықталды. Оған қоса «Best – Service LTD фирмасы» ЖШС демеушілігімен – 10 миллион теңге көлемінде абаттандыру жұмыстары және «Аспаз» зертханасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Жол құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» мамандығы бойынша 10 миллион теңгеге «Автокран» автокөлігі алынды.

2014 жылы жергілікті бюджет есебінен «Радиотехника және байланыс» және «Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)» зертханасы құны 13085,0 мың теңгенің жаңа қондырғы, құрылғылармен толықты.

Сонымен қатар республикалық бюджет есебінен 25000,0 миллион теңге қаржы бөлініп, «Тоңазытқыш-сығымдағыш машиналар және қондырғылары» мамандығы бойынша зертханалық құрал-жабдыктар алынып толық жабдықталды. Колледждің ішкі және сыртқы бөлігінде 24 бейнебақылау орналасқан. 2016 жылы толық күрделі жөндеуден өтіп, 360 орындық оқу орнында 17 теориялық оқу кабинеті жұмыс жасап тұр.

Қазір облыстың мамандықтар атласына сәйкес жаңа мамандық-

тар ашу жоспарлануда, сол себепті колледж аумағынан өз қаражатымыз есебінен жылыжай құрылысын бастадық. Ондағы мақсат – алдағы уақытта жылыжай шаруашылығы мамандығына лицензия алу, жаңа мамандық ашу. Осы себепті біз жастарды жаңа мамандыққа бағыттап, теориямен тәжірибені ұштастыра отырып үйретуіміз керек.

– Сұранысқа сай мамандық иелерін даярлауда оқытушылық құрамның жұмысы маңызды рөл атқарады. Қазір білімі мен біліктілігі ұштасқан қанша инженер-ұстаздар жұмыс істейді?

– Иә, білім беруде педагог мамандардың жұмысында жауапкершілік болуы шарт. Өйткені білім алуында соның ыркына қарай қозғалып отырады. Қазіргі студенттермен де тіл табысу оңай емес. Шындығында ұстаздардан бөлек, мен өзім де үнемі білім алушылармен бірге боламын. Кез келген ұйымдастырылған шараның басында болып, жас болмасам да солармен бір толқында тілдесіп отырамын.

Бұдан бөлек, колледжде барлығы 57 инженер педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 3 магистр, 1 кандидат, 2 зерттеуші, 12 сарапшы, 24 модератор бар. Өз кезегінде белгіленген мамандықтарына сәйкес сағаттық тағылымдамадан өтіп, білімдерін тұрақты жетілдіріп отырады.

Осы ретте білім алушылар туралы да айтпай кетуге болмас. Себебі жоғарыда айтқан ұстаздардың еңбегінің арқасында ерекше көзге түсіп, білімге құштарлығы артқан студенттеріміздің арасында колледж абыройын асқақтатып жүргендері де бар.

Мәселен, жыл сайын аймақта «Worldskills Qyzylorda – 2025» кәсіби шеберлік байқауы ұйымдастырылады. 2022 жылғы «WorldSkills» чемпионатында білім алушыларымыз «Аспаз ісі», «Кондитер ісі», «Сән технологиясы» құзыреттіліктері бойынша қатысып, аймақтық деңгейден «Аспаз ісінен» Арайлым Дастанова І орын, «Кондитерлік ісінен» Динара Түремурат ІІІ орын иеленді. Сол секілді 2023 жылғы да аталған чемпионатта «Аспаз ісі», «Сән технологиясы» құзыреттіліктері бойынша қатысып, аймақтық деңгейден «Аспаз ісінен» Арайлым Дастанова І орын, «Сән технологиясынан» Әйгерім Кенжеғалиева ІІІ орын иегері атанды.

2024 жылы Азамат Нәни «Аспаз ісі» бойынша І орын, Гүлбану Асылбекова «Кондитерлік іс» құзыретінен І орын, Әйгерім Кенжеғалиева «Сән технологиясы» құзыретінен ІІІ орын иемденді. Сондай-ақ 2025 жылы жуырда ғана Зейнулла Бақытбек «Аспаз ісі» құзыретінен І орын, Гүлбану Асылбекова «Кондитерлік іс» құзыретінен І орын, Гүлім Тұрсынбай мен Нұрай Мәлікқызы «Сән технологиясы» құзыретінен ІІ орын иегерлері атанды.

60 жылға жуық тарихы бар колледжден талай түлек түлеп ұшып, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп келеді. Қоғамдағы орнын тауып, тұлға болып қалыптасып, ел дамуына зор үлес қосып жүр.

Құрметті, талапкер! Бүгінгі сенің таңдауың – сенің жарқын болашағың! Сондықтан келешегіне көз тастап, өзін қалаған мамандығынның майталманы болудың кірпішін осы бастан қала. Келіңіз, Мұрат Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжі есігін айқара ашады.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет!

Әңгімелескен Нұр БАҚЫТ

Қазақ үшін жылқы тек көліктің ғана қызметін атқаратын жануар емес. Ол – рух. Тұлпардың тұяғы тимеген топырақ жоқ, жалына жармаспаған жұрт болмаған. Бірақ бүгінгі қоғамда сол тұлпармен сырласатындардың саны азайғандай. Қамшыға көнсе – көнеді, көнбесе – көкпар деп қарайтын көзқарас әлі де үстем. Бірақ Іңкәрдің жолы бұл қағиданы қопарып, адам мен жылқының арасын жандандыра түсті.



17 ЖАСТАҒЫ АТБЕГІ АРУ



Ол – TikTok желісінде танылған жас атбегі. Жоқ, «атбегі» деген құр атақ емес. Оның қолында тұлпар жуасып, жануар тілге келіп, үркек мінезі үйреншікті сабырға айналады.

Кейіпкеріміздің аты-жөні – Іңкәр Жұмабек, жасы небәрі 17-де. Жастайынан жылқылардың ортасында өскен. Әкесі – бәйгеге қосылатын тұлпарларды баптайтын танымал атбегі. Іңкәр бала кезінде атқа сырттай ғана сүйсінгенімен, өсе келе қызығушылығы оянған. Жылқыға деген шынайы махаббаты кенеттен пайда болмағанын өзі де мойындайды.

– Бұл сезім – бір күндік құбылыс емес, өсе келе тереңдеген дүние. Бірақ ерекше бір сәт бар – ол әкемнің маған алғаш тұлпар сыйлаған кезі. Сол жануарға жауапкершілік алған күнімнен бастап, жылқы баптаудың мәнін ұға бастадым, – дейді Іңкәр.

Жылқы – дала философиясының көшпелі символы. Бірақ бүгінгі қоғамда оған деген көзқарас әлі де тар шеңберде қалып тұр. Көпшілік үшін ол – бәйгеге түсетін, табыс түсіретін ғана жануар. Ал Іңкәр үшін ол – жеке болмыс. Оның айтуынша, жылқы сезеді, ұғынады, тіпті түсінеді. Сондықтан оны түсіну

үшін алдымен өз ішіне үңілуің керек.

– Атпен сөйлесу – мен үшін жан тыныштығы. Бұл – кәдімгі терапия. Қаланың шулы тіршілігінен алыстап, табиғи ырғақпен үндесу, – дейді ол қызығушылығынан қуат алғандай.

Іңкәр ат спортына алғаш Шымкентте жүргенде келді. Ол кезде бұл қызығушылықтың уақытша боларын көбі айтқан. Тіпті өзі де сенбеген екен. Бірақ 2020 жылы елді тұтастай тығырыққа тіреген пандемия оның өмір бағытын анықтап бергендей болды. Әкесі сол жылы оған алғаш жеке тұлпар сатып әперді. Сол сәттен бастап, Іңкәр бұл жолдың жеңіл еместігін түсінсе де, одан қайтпауды жөн көрді.

– Күмән, әрине, болды. Себебі бұл спорт – өте қымбат сала. Жетістікке жету үшін тек жігер емес, қаражат та, уақыт та қажет. Бірақ өз қолымда 4-5 ат болған кезде, мен бұған өмірімнің үлкен бір бөлігі ретінде қарай бастадым, – дейді ол.

Бүгінде Іңкәр бәйгедегі бас жүлде үшін емес, жылқының жайлы өмірі үшін жұмыс істейді. Оның қолында асау да жуасып, үркек те еркін жүреді. Ол жылқыларды физикалық қысымсыз тәрбиелеуді жөн көреді. Қамшының

көлеңкесінен емес, қамқорлық пен жылудан нәтиже шығады деп сенеді. Алайда Қазақстанда мұндай көзқарасты қабылдайтындар көп емес.

– Біздің елде қамшымен үйрету қалыпты саналады. Бұл – атам заманнан келе жатқан тәсіл. Үлкен буын өкілдеріне бұл туралы айту оңай емес. Сол себепті менің мақсатым – енді келе жатқан жастардың санасына жана көзқарас сіңіру, – дейді Іңкәр.

Жылқыны күштеп емес, жүрекпен үйретуге болатынын дәлелдеген Іңкәр өз әдісімен алғаш рет өз атына үйреткенде, бұл жетістік оған үлкен сенім берген.

– Бұл – екіншісі бірінің қолынан келе бермейтін дүние. Мен өз күшіме сендім. Өз атымды өзім үйрету – үлкен рухани серпіліс болды, – дейді кейіпкеріміз.

Жылқыны тәрбиелеу – бір бөлек, ал оны жұртқа түсіндіру – мүлде басқа бағыт. Іңкәр «Instagram» желісінде блог жүргізуді бастап, кейін «TikTok»-та танымалдыққа ие болды. Оның бейнероликтері көптің көкейінде жүрген, бірақ дауыстап айта алмаған шындықты жеткізеді. Бүгінде ол жылқыны күшпен емес, махаббатпен үйретуді насихаттайды.



Оның роликтері арқылы жасөспірімдер жаңа көзқараспен танысып жатыр.

Ал үйретілген аттарды сату – тағы бір сын. Іңкәр үшін бұл жай сауда емес, аманатқа қиянат жасамау. Ол тек сенімді, қамқор иелерге ғана аттарын табыстайды. Себебі бұл – ақша емес, адамдықтың өлшемі.

– Мен үшін ең маңыздысы – жылқының кейінгі өмірінде алаңсыз жүруі. Қоштасу ауыр, бірақ оларды жақсы қолға тапсыратынымды білсем, жүрегім тынышталады.

Іңкәрдің жылқыдан үйренгені көп. Ол – сабыр, жауапкершілік, көшбасшылық әрі ішкі тыныштық.

– Жылқы – менің ұстазым. Ол маған сөзбен емес, мінезімен үйретті. Ең алдымен өзімді тәрбиелеп барып, оны үйрете алатынымды түсіндім, – дейді ол.

Қорытындылай келе, Іңкәрдің жолы – қамшымен емес, қамқорлықпен тәрбиелеудің үлгісі. Ол – тұлпардың жалына емес, жан дүниесіне үңілген жан. Оның мақсаты – қазақ даласында тұлпар мен адам арасындағы рухани байланысты қайта жаңғырту. Себебі аттың да жаны бар. Оған тек тыңдай білетін адам керек.

Қорлан САРЫ

ДҮЙІМ ЖҰРТТЫ ТАМСАНТҚАН ТАЛАНТ

Опера әншісі
Әйгерім Алтынбек
Италияның Портофино қаласында өтіп жатқан халықаралық CLIP (Concorso Lirico Internazionale di Portofino) опера әншілері байқауында жеңіс тұғырынан көрініп, бас жүлде иегері атанды. Ол бас бәйгеден бөлек, байқаудың негізгі номинацияларында үздік атанып, абсолютті жеңімпаз болды. Сонымен қатар көрермен көзайымы жүлдесін, «Үздік әйел дауысы» марапатын және музыка сыншысы, арт-директор әрі педагог Карло Майердың арнайы жүлдесін иеленді.



CLIP байқауы – үздік өнер иелері қатысатын, әлемдегі ең беделді вокалдық байқаулардың бірі. Өнер сайысында әлемнің түрлі елдерінен 32 жасқа дейінгі аса талантты опера әншілері ғана бақ сынапайды.

«Биылғы байқауға әлемнің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық өтінім түскен. Бірақ финалға небәрі 10

Еліміздің атын әлемдік сахнада танытып келе жатқан Әйгерім Алтынбек 1996 жылы Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында туған. 2012 жылы Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға түсіп, кәсіби өнер жолын бастаған. Кейін Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында жоғары білім алған.



орындаушы өтті. Олар Портофино қаласының орталық алаңында Teatro Carlo Felice оркестрінің сүйемелдеуімен өткен гала-концертте өнер көрсетті.

«Үздік әйел дауысы» жүлдесін Әйгерімге Чилидегі Ибаньес-Аттинсон қоры табыстады. Бұл қор – әлем бойынша жас, дарынды вокалистерді іздеп, қолдаумен айналысатын халықаралық ұйым. Қор жетекші театрлармен әріптестік орнатқан және Сантьягодағы опера театрымен бірлескен жастар бағдарламасын жүзеге асырады. Әйгерім – бұл қордың Оңтүстік Америка континентіндегі қолдауына ие болған алғашқы еуропалық емес әнші. Оған кәсіби және болашақ ынтымақтастық бойынша ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныс отандық өнерпазға Еуропадан тыс жерлерде де халықаралық мансабын кеңейтуге мүмкіндік береді», – деп хабарлады ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

Ал жақында жерлесіміз Әйгерім Алтынбек әлемге әйгілі Италиядағы «Ла Скала» театры академиясында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болған еді.

Халықаралық вокалдық байқаулардың лауреаты Әйгерім Алтынбек бұған дейін танымал композитор Джакомо Пуччинидің 100 жылдығына арналған халықаралық байқауда жеңімпаз атанып, Николай Гяуров атындағы байқауда үшінші орынды иеленді. Сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен келген 470 қатысушы бақ сынаған Рената Тебальди атындағы халықаралық конкурста екінші орынға ие болды. Атақты италиялық опера әншісі Мирелла Френидің арнайы сыйлығымен де марапатталған.

Төрткүл дүниені тамсандырып, ел мерейін асырған Әйгерімнің жетістігі ерекше қуантқаны рас. Талантты аруды жеңісімен шын жүректен құттықтап, толағай табыс тілейміз!

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ